

## ТАКТИЛЬДІ МЕТАФОРЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ДИСКУРСТАҒЫ АУДАРЫЛУ ТЕХНИКАСЫ

**Абдуллина Акженис**

[aakzhenis@gmail.com](mailto:aakzhenis@gmail.com)

Магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,

Аударма теориясы мен практикасы кафедрасы,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші - ф.ғ.к., профессор м.а. Ж.М.Қоңыратбаева

Әр халықтың өмірінде көркем шығармалардың алатын орны маңызды, себебі көркем мәтінде кез келген ұлттың рухани қазынасы сақталады. Көркем шығарма дегеніміз — эстетикалық құндылықтың белгілі санаттарына жауап беретін көркем шығармашылықтың жемісі және онда автордың ойы көрініс табады [1].

Әртүрлі әдеби туындылардан нақты бір халықтың өмір сүру салты және ұлттық құндылықтары жайлы қызықты мәліметтер алуға болады. Көркем дискурста аударма жасау үшін кемінде екі тілді жоғары деңгейде меңгерген, арнайы біліктілігі бар аудармашы қажет. Демек, белгілі бір тілде жазылған көркем еңбекті екінші тілге аудару арқылы сол елдің тарихын, болмысын басқа да тілде сөйлейтін оқырмандарға таныстыруға мүмкіндік туады. Көркем аударма бір тілде жазылған көркем туынды екінші тілге аударылып қайта жазылатын әдеби шығармашылықтың бір түрі [2].

Көркем дискурста тактильді амалдар жиі қолданылады. Яғни, тактильді фразеологиялық, теңеу және де метафоралық деп қарастыруға болады. Осыған сәйкес, тактильді метафоралық амалдарға байланысты Э.П. Слободянюк «метафора идеяларды жеткізудің тез әрі күшті құралы» деп атап көрсетеді [3]. Бұл көркем дискурста метафораның қызметін ұзақ мерзімді әсер етуге арналған ең күшті құралдарының бірі ретінде қарастыруға негіз береді.

Тактильді метафораларды жіктегенде әр түрлі «жанасу әдісі» және «жанасу мақсаты» белгілері бойынша сын есімдердің алғашқы (метафоралық емес) мағыналарынан ерекшеленетін түрлері:

1. жылжымалы жанасу - қолдың бетіндегі қозғалысы объект;
2. қысу немесе жанасу сезімі - жанасқаннан кейін қысудың орындалуы;
3. жақтау жанасуы - алақан мен саусақтар арқылы сезіну. Сондай-ақ, басқа адамның назарын аударуға көмектесетін жанасу белгілері мен заттардың жылу қасиеттерін анықтау үшін қолданылатын температуралық жанасулар [4].

Мақаладағы қарастырылған басты мәселелер: берілген шығармадағы тактильді метафоралар мен олардың аудару қиыншылықтары, аудару әдістерін анықтау және салыстыру. Аударманың көптеген әдістерінің ішінен ең көп таралған транслитерация, транскрипция, сипаттамалық аударма сияқты әдістері зерттелген. Өзекті мәселе такесикалық тілдің ғылымдағы зерттелу жайын талдай отырып, оның түпнұсқа тіліндегі вербалдануы мен аударма тіліндегі берілу жайын кешенді түрде қарастыру.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы тактильді метафоралар мен олардың аудармаларына байланысты мысалдарды қарастырайық.

1- мысал

*Екі қолымды бергенім қате болды ма деп, жеңін сыбанып, қалақтай алақанын Тыпаңның жып-жылы жұмсақ уысына қырынан сұға қойды. ( Ж.Аймауытов шығармалары- Алматы «Жазушы»1989 ж. 222-б) деп берілген. Аудармашы Bekbolat, thinking that he does it wrong when shakes with both hands, rallied his spirits and held rigidly with only one hand his warm soft palm. (adebiportal.kz 107-б) деп аударған. Құрылымдық сипатына қарай жазбаша аударма болып табылады. Жанрлық - стилистикалық түрлеріне қарай көркем аудармаға жатады. Автор метафоралық тактильді амалды құбылыстардың ұқсастық белгілері негізінде*

астарлы мағынада қолданған. Сөйлем қосу әдісі арқылы аударылған. Аудармашы түпнұсқа мәтіндегі 3 сөйлемді қосу арқылы бір сөйлем көлемінде жеткізген. Түпнұсқадағы тактильді метафораның мағынасы сақталып, ағылшын тіліне сөзбе-сөз аударылған.

2- мысал

– *Аман ба, шырағым? – деп, иегін болар–болмас қозғалтып, Ықаңның қасынан орын алды.*

(Ж.Аймауытов шығармалары- Алматы «Жазушы»1989 ж. 223-б). Дәлелдеу: құрылымдық сипатына қарай жазбаша аударма . Жанрлық - стилистикалық түрлеріне қарай көркем аудармаға жатады. Ағылшын тілінде –*How are you, dear? — and, as if he moved his shoulders sat next to Ykan.*

(*adebiportal.kz 107-б*) деп аударылған. Аудармашы сөзбе-сөз әдісі арқылы аударғанын байқауға болады. Автордың бұл метафоралық амалды қолданудағы басты мақсаты, кейіпкердің эмоционалды күйін көрсету. Ағылшын тіліне аудару барысында, ол өз мағынасын жоғалтқан.

3- мысал

*Мына қалтасынан оттығын алып, қабын сол бармағымен мықтап ұстап, оң қолымен шырпының тұмсығын шарықтың қажалақ жеріне дәл тигізіп тұрып, сермен кеп қалды, оттық ныс ете түсті.* (Ж.Аймауытов шығармалары- Алматы «Жазушы»1989 ж. 223-б). Ағылшын тіліне *And out of it he pulled flint and steel, zipped the flint with his left hand and the steel with his right one and started to strike sparks, a light flashed and flared.* (*adebiportal.kz 108-б*) деп берілген. Бұл сөйлемде автор кейіпкердің іс- әрекетіне сипаттама беру мақсатында қолданылған. Қазақ тілінде метафоралар, соның ішінде тактильді метафоралар кеңінен қолданылады. Ал, ағылшын тілінде керісінше, теңеу немесе фразеологиялық тактильді амалдар арқылы аударма жүзеге асады.

Түпнұсқадағы *оң қолымен шырпының тұмсығын шарықтың қажалақ жеріне дәл тигізіп тұрып*, ағылшын тіліне *the steel with his right one and started to strike sparks* деп сөзбе-сөз әдісі арқылы аударған.

Алайда, ағылшын тілінде тактильді метафора мағынасын жоғалтқан.

4-мысал

*Түпнұсқадағы Ықаң тұтатып алған соң ауызынан жел жіберіп, түтінді айдап, шылымын сұқ қолымен ортаң қолының арасына қысып рақаттанып отыр екен.* (Ж.Аймауытов шығармалары- Алматы «Жазушы»1989 ж. 224-б). Жанрлық - стилистикалық түрлеріне қарай көркем аударма. Аудармашы ағылшын тілінде *Ykan acted more culturally, blowing with smoke a smoky cloud already hanging in front of him. His hand with the mouthpiece fixed between the index and ring fingers, was soaring aside.*

(*adebiportal.kz 94-б*) берілген. Автор бұл сөйлемде кейіпкердің көңіл- күйін білдіру мақсатында метафоралық тактильді амалды қолданған. Сөйлем сипаттау әдісі арқылы аударылған. Қазақ тіліндегі тактильді метафора ағылшын тілінде сөзбе-сөз берілген. Түпнұсқадағы *шылымын сұқ қолымен ортаң қолының арасына қысып рақаттанып отыр екен* деген тактильді амалдар *his hand with the mouthpiece fixed between the index and ring fingers, was soaring aside* деп берілген. Аударма оқырманға түсінікті жеткізілген. Қазақ тіліндегі *сұқ қолымен ортаң қолы* тіркестері ағылшын тіліне *index and ring fingers* деп берілген. Оқырманға түсінікті болу үшін *ортаңғы саусақ* тіркесін ағылшын тілінде *middle finger* деп берген жөн.

5- мысал

*Бір шетінде тұрып Бекболат та қалақтай алақанын қырынан жапсырып жатыр.* (Ж.Аймауытов шығармалары- Алматы «Жазушы»1989 ж. 226-б) , ағылшын тіліне сөзбе-сөз әдісі арқылы , яғни *Next to him Bekbolat pushes his spade to the hands of the guests who came*

*up.* (*adebiportal.kz 99,111-бб* ) берілген. Автордың метафоралық тактильді амалды қолданудағы басты мақсаты кейіпкердің іс- қимылын сипаттау болып табылады. Бұл сөйлем сөзбе-сөз әдісі арқылы аударылған. Түпнұсқадағы *қалақтай алақанын қырынан жапсырып жатыр* тіркесі, ағылшын тілінде мағынасын жоғалтқан *his spade to the hands of the guests*

*who came up* деп аударылған. *Spade* сөзі тіке мағынада қалақ деп берілген. Алақанның қалақтай екенін айқындау мақсатында ағылшын тілінде *huge palms* деп аударған жөн.

6- мысал

*Ақбала бір кітапты қолына ұстап тұрып:*

*-Ей, мынада Каутский де бар зой,- деді. ( Ж.Аймауытов шығармалары- Алматы «Жазушы»1989 ж. 226-б), ағылшын тілінде Akbala, examining one of the books, said:*

*Hey, there's Kautsky here too.*

(*adebiportal.kz 112-б*) берілген. Құрылымдық сипатына қарай жазбаша аударма. Автордың мақсаты құбылысты сипаттау болып табылады. Аталмыш сөйлем түсіру әдісі арқылы аударылған. Қазақ тіліндегі тактильді амалдар ағылшын тілінде мағынасын жоғалтқан. Түпнұсқадағы *қолына ұстап тұрып* тіркесі ағылшын тілінде түсіріліп қалған. *Қолына ұстап тұрып* метафоралық тактильді амалды, сөзбе- сөз аудару тәсілі арқылы, ағылшын тіліне *holding in hands* деп аударған дұрыс.

7-мысал

*Шылымын тұтатып алған соң, Бқаң теріс қарап аяңдап жүрген Ақбаланы нұсқап, Тыпаңды ақырын түртіп:*

*-Бұ қай бала?- деп сұрады.*

(*Ж.Аймауытов шығармалары- Алматы «Жазушы»1989 ж. 227-б*), ағылшын тіліне *After smoking, Ykan looked back at Akbala, slowly pacing along the room, touched Turan's shoulder and asked Akbala:*

—*Who's that young man? (adebiportal.kz 112- б) берілген.* Берілген сөйлем сөзбе-сөз әдісі арқылы аударылған. Автор кейіпкердің эмоциональды жағдайын сипаттау мақсатында қолданған. Түпнұсқадағы *Ақбаланы нұсқап* метафоралық тактильді тіркес ағылшын тіліне *asked Akbala* деп түсіру әдісі арқылы жүзеге асқан. Ағылшын тілінде *indicate* немесе *point out* деп баламаларын беруге болады. Сонымен қатар, *-Бұ қай бала* тіркесі ағылшын тіліне *Who's that young man* деп қосу әдісі аударылған. *Young* сөзі баланың жасын нұсқау көрсетіп тұр. Бұл сөйлемді *Who's that boy* деп берер едім. Жай ғана *boy* сөзі кейіпкердің жас ерекшелігін білдіреді.

8-мысал

*Ақбала тұтқиылда Балташтың қасына тоқтай қалып :*

*-Мұндағы байлар, тегі, жақсы тоналған зой?- деді. ( Ж.Аймауытов шығармалары- Алматы «Жазушы»1989 ж. 227-б) ағылшын тіліне*

*Akbala stopped suddenly along Baltash and said:*

—*All large fortunes are made by robbery. Aren't they, comrades? (adebiportal.kz 113-б)* аударылған. Метафоралық тактильді амалдың басты мақсаты кейіпкердің көңіл-күйін сипаттау болып табылады. Түпнұсқадағы *Балташтың қасына тоқтай қалып* тіркесі ағылшын тілінде *stopped suddenly along Baltash* сөзбе-сөз аударма әдісі арқылы жүзеге асқан. Аудармашы қосу әдісі арқылы *Aren't they, comrades?* тіркесін берген. Аудармашы *Мұндағы байлар* тіркесін ағылшын тіліне *All large fortunes* деп баламасын берген. *Wealthy people* тіркесі арқылы мағынаны жеткізуге болады.

9- мысал

*Етті үстелге әкеліп қойысымен, Төлеген төргі үй жақтан ішіне тығып бірдеңе алып келіп еді, Тыпаң жымың ете түсіп, білмегенсіп:*

*-Сенің қолыңдағы не ?- деп өңірінен тартты. (Ж.Аймауытов шығармалары- Алматы «Жазушы»1989 ж. 228-б), ағылшын тіліне As soon as they began cutting meat, Tolegen brought out from the distant room some glass piece of bottle hiding it defiantly behind his back. Turan has made a puzzled face and asked affectedly:*

—*What's in there in your hand? — and he stretched his sleeve. (adebiportal.kz 114-б)* деп берілген. Автордың адамға сипаттама беру мақсатында қолданған. Аудармашы, оқырманға түсінікті етіп, сөзбе-сөз әдісі арқылы аударған. Сонымен қатар, балама беру әдісін байқауға болады. Қазақ халқына тән *төргі үй* тіркесінің ағылшын тілінде қарапайым *distant room* деп

берілген. Мәдениетаралық ерекшеліктерге байланысты, бұл сөз тіркесінің толықтай мағынасын беру, қиынға соғады.

Қорытындылай келе, такесикалық метафораларды ағылшын тіліне аудару барысында белсенді пайдаланылған әдістер қосу, сипаттау, түсіру және де сөзбе-сөз аудару болып табылады. Соның ішінде, кеңінен қолданылған сөзбе-сөз аудару тәсілі. Ол түпнұсқаның басты идеясын, ұлттық колоритін сақтауға ықпалын тигізеді. Аударма түпнұсқа секілді оқылып, түсінікті болуға және көркемдік-бейнелеу құралдарын нақты беруге қол жеткізеді.

«Ақбілек» романында тактильді амалдар кеңінен тараған. Дегенмен, қазақ тіліндегі тактильді метафоралық амалдарды аудару барысында аудармашылар қиыншылықтарға тап болуы мүмкін.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Жуковский В. А. О поэте и современном его значении. — М.: Сов. Россия, 1985.
2. Литературный энциклопедический словарь / под общ. ред. В. М. Кожевникова, П. А. Николаева. — М.: Сов. энцикл., 1987.
3. Скнарев Д.С. МЕТАФОРА КАК СРЕДСТВО СОЗДАНИЯ ОБРАЗА В РЕКЛАМНОМ ДИСКУРСЕ // Фундаментальные исследования. – 2015. – № 2-7. – С. 1550-1555;
4. Крейдлин Г. Е. Невербальная семиотика: Язык тела и естественный язык. М.: НЛО, 2002. 581 с.